

Хаттама №1

Топтағы бала саны: 20

Қатысқаны: 12 ата-ана

Қалыс қалғаны: 8 ата-ана

Ата- аналар жиналысы: «Бала өмірдің гүлі»

Күн тәртібі:

1. «Жүрек жылуы» ата-аналарға арналған тренинг.
2. Ата-аналарды жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру.
3. Баяндама : «Бала өмірдің гүлі»
4. «Карантин шаралары» медбике кеңес
5. Сауалнама алу
6. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап тағайындау.
7. Ситуациялық сұрақтар
Ата-аналар жиналысының шешім
- 8.Қорытындылау

1.Тренинг: «Жүрек жылуы» (ата аналармен өткізілген тренинг).

Мақсаты: ата аналардың арасында сезімнің сыртқы көріністерін көрсете білу.

Іштегі эмоциялық жайлылық қалыптастыру, жағымды қарым - қатынас орнату, көңіл - күйлерін көтеру, бір - біріне жүректен шыққан жылы лебіздерін сыйлауға жағдай жасау.

Психолог: Сарсенбаева. Г. З

2.Баяндама «Бала өмірдің гүлі». Ата- аналарға баяндама оқылды.Осы баяндама байланысты ата- аналардың ойлары,сұрақтары тыңдалды.

Баяндама оқыған әдіскер: Асанова. Л. М.

3.Бағдарлама,ең алдымен балалардың жеке және біріккен әрекеттерін тиімді ұйымдастыру барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып ,жеке даралықты ,денені дамытуға ,психикасы және эмоционалды жетістігін нығайтуға бағытталған.осыға байланысты бағдарлама бес сала бойынша жұмыс жасалады.Бес сала бойынша айтып кету,күн тәртібімен,сабақ кестесімен таныстыру.

4.Санитарлық және эпидемиологиялық бақылау бойынша нормативтік талаптар «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 (бұдан әрі - №611 бұйрық): 147. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер немесе персонал арасында инфекциялық аурулар тіркелген жағдайда, сондай-ақ профилактикалық мақсатта білім беру ұйымының басшылығы, оның персоналы және медицина қызметкерлері санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық ішараларды жүргізеді. Медбике кеңесі.

5. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап, тағайындалды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:Жусупова Баян .

Ата-аналар комитетінің көмекшісі: Танабергенова Гулнар тағайындалды.

Шешім:

Ата -аналар балаларды балабақшадан сепепсіз қалдырмауы айтылды

Ата- аналардан қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуын қадағалау

Ата -аналар комитеті сайланды.

Қортындылау:

2021-2022 оқу жылының оқу жоспары бойынша жиналыс жасалғандығы туралы толығымен бекітіліп,ата аналарға таныстырылды.Аурап қалған жағдайда алдын ала келіп ескертіп кету керектігі,анықтамаларынай бітпей әкеліп беру керектігі ескертілді.Балабақша күн тәртібі бойынша баланы себепсіз қалдырмау туралы ескертілді.Балабақша төлемақысы 600 теңге болуға ата аналар қарсы емес.

Ата- аналарға «Сіз қандай ата- анасыз?»сауалнама таратылды.

Ата Анамен сауалнама

Хаттама №

Тақырыбы: «Баламның балабақшаға бейімделуі»

Мақсаты: Ата Аналармен бұндай жұмыс түрін атқарудың мақсаты, балабақшаға жаңадан қосылған балалардың ортаға бейімделулерін анықтау және де ортаға қалыптасуларын анықтау мақсатында тесттік жұмыс түрі атқарылды.

Қатысқандар саны: ата ана

Меңгерушісі: Барикова. Г. Ж.

Психолог: Сарсенбаева. Г. З.

Күн тәртібінде:

№1 «Күншуақ» бөбекжай балабақша психологі Сарсенбаева. Гүлзат Зейнуллақызы барлық топ ата аналарынан балаларының балабақшаға бейімделуіне байланысты сұрақ түрлерін дайындап, сол бойынша жұмыс жасалды және жұмыс жүргізілді. Ата аналардың қатысуы жақсы деңгейде болды. Тест сұрақтары 7 сұрақтан тұрады. Жауаптары қысқаша ғана «иә», «жоқ», «кейде» деген жауаптардан құралған.

Шешім:

Ата Аналардың барлығы дерлік балаларының жаңа ортаға бейімделуін жоғарғы деңгейде бағалап өткен. Кіші топ балаларының адаптациялық деңгейлері жақсы нәтижеге көрсетуде. Бұл жұмыс түрі үлестірмелі жұмыс түрінде атқарылды. Барлық ата ана бір ауыздан уақытылы, жақсы деңгейде жинақтап үлгерді. Тәрбиешілерінің де ата аналарымен жұмыс жасау бағытта қарқынды, жақсы нәтижемен атқарылды.

Балабақша басшысы: Барикова. Г. Ж.



Психолог: Сарсенбаева. Г. З.

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі бәрімізді алаңдатады»

Қатысқандар саны: 32 ата ана

Өткен күні: Тренинг №1 «Күншуақ» бөбекжай балабақша

Менгерушісі: Барикова. Г. Ж.

Психолог: Сарсенбаева. Г. З. басқаруымен өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. «Бала тәрбиесі бәрімізді алаңдатады» баяндама
2. «Ата аналармен ситуациялық сұрақтар» тренинг түрінде

Тындалды:

№1 «Күншуақ» бөбекжай балабақша психологі Сарсенбаева. Гүлзат Зейнуллақызы күн тәртібімен таныстырып, «Бала тәрбиесі бәрімізді алаңдатады » тақырыбында баяндама оқып, ата аналармен тренингпен жалғасын тапты жиналыс барысы.

Баяндама тақырыбына байланысты бала тәрбиесі жайында болғандықтан, тыңдалған соң сұрақ жауап әдісімен баяндама талқыланды, еркін ойларын ортаға салып, бала тәрбиесіндегі қателіктер мен дұрыс тәрбие жайында ой қозғалды.

Ата аналармен тренинг өткізіліп, түрлі қызықты ойындар барысымен ата ананы бала сезімін сезіндіру және де сергіту мақсатында тренинг өткізілді. Сұрақ жауап әдісімен ситуациялық сұрақтарды шешіп, бала тәрбиесі жайында талқыланды. Баланың өміріндегі ата ананың және ата ананың бала өміріндегі маңыздылықты сезіндіре білу.

Тренингке ата аналардың қатысу қарқыны жақсы болып, сұрақтарға жақсы жауап беріп, атсалысып отырды.

Сұрақтар:

1. Жұлдызша топ ата аналары: Психолог бөлмесіне балалар аптасына неше рет барады?
2. Балалармен психолог жеке жұмыс жасайды ма әлде топтық жұмыс түрі атқарылады ма?

Шешім:

1. Бүгінгі күн тәртібінің жоспары бекітілсін.

2. Психологпен атқарылған жұмысты ата аналармен консультациялық жұмыс түрлерімен таныстырылсын.
3. Ата аналармен аптасына белгіленген бір күнде атқарылған жұмыс барысы уақытылы таныстырылып отырсын.

Балабақша басшысы: Барикова. Г. Ж.

